



Өнім мен сенімнің
алтын көпірі

2-бет



Қоғам
қамқорлықпен
кемелденеді

4-бет



Елордадан ескен
жыр лебі

8-бет



Ең үлкен марапат – елдің тыныштығы

Астанада өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясы ел бірлігі мен қоғамдық келісімнің маңызды диалог алаңына айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысып, Ассамблея мүшелерін ұйымның 30 жылдық мерейтойымен құттықтады. Президент Ассамблеяның ел ішіндегі татулық пен тұрақтылықты нығайтудағы тарихи рөліне тоқталып, оны Қазақстанның бейбіт өмір мен этносаралық келісім үлгісінің негізі деп атады. Бұл жолғы сессия — ел ішіндегі этносаралық татулықты сақтау және нығайту жолындағы сенімді қадамдардың жалғасы болды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәуелсіздікпен бірге қалыптасқан құрылым

Сессия барысында Қасым-Жомарт Кемелұлы Ассамблеяның ел тарихындағы орны ерекше екенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл құрылым Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап, ұлттар мен ұлыстар арасындағы достық пен татулықты сақтап, ел дамуына негіз болған.

—Бүгінгі басқосудың тарихи мән-маңызы айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Баршанызға құтты болсын! Бұл – бүкіл Қазақстан үшін айтулы оқиға. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Шынымен де, елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің



арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Бүгінде Сенаттың бес депутаты Ассамблея кеңесінің ұсынысымен тағайындалады. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды. Оған қоса, Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды.

«Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады. Қазір мемлекеттік органдар түгел Ассамблея жұмысына атсалысады» деген Мемлекет басшысы бұл жұмыстан министрліктерден, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктеріне дейін одан шет қалмайтынын айтты.

Сондай-ақ, ол ұйым 1995 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұл-

тан Назарбаевтың бастамасымен құрылғанын еске салды.

— Бұл бастама қазақ мемлекеттілігі қалыптасып жатқан қиын кезеңде терең саяси мәнге ие болды. Консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған Ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Ұйым жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды. Елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысы Ассамблеяны тек консультативтік орган ғана емес, мемле-

кеттің этносаралық саясаттағы стратегиялық штабына айналуы қажет деп атап өтті. Соңғы жылдары ҚХА-ның жұмысы жаңаша сипат алып, құрылымдық және мазмұндық тұрғыда едәуір жетілді. Ассамблея мүшелері бүгінде Парламент Сенатының бес депутатын ұсынуға қатысып, ел ішіндегі татулық пен келісімді қамтамасыз етуге нақты үлес қосып отыр.

Президент бұл жөнінде: «Ассамблея – мемлекеттігімізге арқау болған аса маңызды құрылым. Ол жалпыхалықтық орган ретінде қоғамды ортақ құндылықтар мен мақсаттарға жұмылдыруы керек», – деді.

Бірлік пен жауапкершілік – басты құндылық

Бүгінде Ассамблея жанындағы «Адал азамат» бірінғай бағдарламасы, «Ассамблея жастары» ұйымы, Студенттік Ассамблея мен «Жаңа толқын» секілді жобалар – жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімді алаңдарына айналған. Президент олардың жұмысын жоғары бағалап, оларды отансүйгіштік пен қоғамдық жауапкершілік мектебі деп атады.

«Ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастыруда Ассамблеяның әлеуетін кеңінен қолдану қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Этносаралық шиеленістердің алдын алу, жанжалдарды медиация арқылы шешу – Ассамблея қызметінің маңызды бөлігіне айналды. Этномедиация институты мен 42 Ассамблея кафедрасы бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 360-тан астам сарапшыны біріктіріп отыр.

— ҚХА мүшелері күн сайын көзге көрінбейтін, бірден нәтиже бермейтін, алайда ұзақ мерзімді, стратегиялық тұрғыдан тиімді, ауқымды жұмыс жүргізеді. Өткен жылдың өзінде Ассамблея барлық өңірде 15 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырды. Оған 1 миллионға жуық адам қатысты, – деді Мемлекет басшысы.

ҚХА бытырған көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін

көрсетті. Ассамблеяның «Жүректен жүрекке» жобасы аясында 12 мыңнан астам ерікті ортақ іске жұмыла кірісті.

— Соның айқын дәлелі ретінде Ассамблеяның «Ел бірлігі» ордені атты жаңа мемлекеттік награда тағайындалды. «Бірлік» ұғымы қазіргі дүние жүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Әлемде, әсіресе, біздің айналамыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан шын мәнінде, «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл – ақиқат, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Сессияда Президент бірлік пен келісім идеяларын ақпараттық кеңістікте кеңінен насихаттау қажет екенін атап өтті. Этнос театрлары мен мәдениет ошақтарының жұмысын жандандыру, музейлердің экспозицияларын көпшілікке таныту, этносаралық тақырыптағы медиа-контентті күшейту – басты міндеттердің қатарында.

Ассамблея халықпен тығыз жұмыс істеуі тиіс

Президенттің айтуынша, Ассамблея аймақтарда халықпен тікелей жұмыс істейтін тиімді алаңға айналуы тиіс. Түркістанда жаңа Достық үйі ашылғанын тілге тиек еткен Мемлекет басшысы енді осындай орталықты Алматы облысында, әсіресе этностар тығыз шоғырланған Қордай, Ұйғыр, Сайрам және Панфилов аудандарында ашуды ұсынды.

— Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беруіміз керек. Достық үйлері тек мәдени ошақ емес, сонымен бірге туризм нысанына айналуы тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ақпарат құралдарының Ассамблея жұмысын жан-жақты жариялауын да маңызды міндет ретінде атады. Ең алдымен, өңірлік БАҚ-тарға, этностар тілінде шығатын басылымдарға жүйелі қолдау қажет екенін айтты.

— Қазақстандағы этностардың тілінде шығатын, ең алдымен, өңірлердегі бұқаралық ақпарат құралдарына жүйелі түрде қолдау көрсеткен жөн, – деді Мемлекет басшысы.

► 2-бет

Желаяқтар желмен жарысып...

Қарағанды – спортсүйер қауымның мекені. Бұл өлкенің желмен жарысқан желаяқтары, рухты жастары талай додада топ жарған. Спорт – тек бәсеке емес, төзім мен тәртіптің, бірліктің белгісі. Ал, осындай рухты дәріптейтін жарыстың бірі – жеңіл атлетика эстафетасы. Биыл Қарағандыда облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің дәстүрлі жеңіл атлетикалық 78-ші эстафетасы өтеді. Отан қорғаушылар күніне және Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай спортсүйер қауымның басын қайта қоспақ.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әдеттегідей, эстафета Оңтүстік-Шығыс ауданының көшелерінде өтеді. Жарысқа қатысушылар 3-мамыр күні сағат 10:30-да Сарыарқа көшесіндегі Ту тұғыры алдындағы алаңға жиналуы шарт. Ал, салтанатты шараның ашылуы – сағат 11:00-де. Эста-

фетаға қатысуға өтінімдер 28 сәуірге дейін жалғасады. Бекітілген үлгі бойынша Н.Әбдіров атындағы Спорт сарайына тапсыру шарт.

Биыл қатысушыларды жас ерекшеліктеріне қарай 9 топқа бөлініп, ерлер мен әйелдер бөлек жүгіреді. I топқа жоғары оқу орындарының, Ә.Молдағұлова атындағы ОММИОРК және колледж командалары топтастырылған. II топқа колледж-



дердің, Т. Бигелдинов атындағы әскери мектеп-интернаты мен Ә.Молдағұлова атындағы ОММИОРК мектеп командасы кіріктірілген. III топ бойынша 2-дивизион колледж командалары, IV топта жалпы орта білім беретін мектептер командалары сайынсады. V топта негізгі орта мектептер командалары (9 жылдық оқу), VI топта өндірістік ұжымдар командалары, VII топта ұйым командалары бақ сынайды.

Спорт клубтары, күштік құрылымдар (ІІМ, Қарулы күштер, ТЖМ, күзет ұйымдары) командалары VIII топқа бөлінсе, спорт ардагерлері, мүмкіндігі шектеулі спортшылар IX топта өзара мықтыны анықтайды.

Айта кетейік, I-VIII топ аралығындағы қатысушы командалар қашықтығына қарай 10 кезеңге қойған эстафетаны жүгіріп өтеді. Ал, IX топтағы командалар, яғни, тірек-қимыл аппараты зақымданған спортшылар мен әуесқой жүгірушілері үшін 1300 метр қашықтық белгіленген.

Жарысқа жалпы білім беретін мектептен, интернат, колледждер мен лицейлердің командасы қатыса алады. Одан бөлек, жоғары оқу орындарының, әскери мекемелер мен спорт клубтарының оқушылары, студенттері, мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар, ұйымдар да өтінім бере алады. Банк қызметкерлері де және медициналық анықтама ұсынған барлық жүгіруге әуес жандар қатыса алады.

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Баға – әлеуметтік әділдік көрінісі

Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық өмірінде маңызды рөл атқаратын құрылымдардың бірі – «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы. Ол – кәсіпкерлікті қолдайтын институт қана емес, сонымен қатар, өңірдегі әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының (ӨМАТ) бағасын тұрақтандыру бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы негізгі оператор. Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов бастаған облыстық мәслихаттың бюджет және жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшелері арнайы баспасөз-туры барысында корпорацияның негізгі бағыттары, іске асырылып жатқан жобалары және қоғамдық маңызы зор механизмдерімен егжей-тегжейлі танысты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Максат – тұрғындардың әл-ауқатын арттыру

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы қызметінің басты мақсаты – мемлекеттік және жекеменшік сектор арасындағы өзара ықпалдастықты арттыру арқылы өңірлік экономиканы дамыту, инвестициялық климатты жақсарту және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Корпорация өндірісті және қайта өңдеуді дамыту, жер қойнауын пайдалану, инновациялық жобаларды қолдау, инфрақұрылымды жақсарту, инвестициялар тарту және әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарлары бағасын тұрақтандыру сынды өзекті мәселелерді жүзеге асырады. Осы қызметтерді атқару үшін корпорация арнайы мемлекеттік бағдарламалар мен қаржы құралдарын пайдаланады.

Тұрақты комиссиясының мүшелері Қарағандыдағы көкөніс һәм азықтүлік сақталатын қоймаларды аралап, сақтаулы тұрған азықтүлік қорымен және әлеуметтік павильондардың жұмысымен танысты.

Жұмыс сапарына облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов, облыстық мәслихаттың депутаттары Рысқали Әбдікеев, Аян Әбдікеев, Абсалым Карин, Александр Куприенко Жан Серікұлы және мемлекеттік органдар өкілдері, «Сарыарқа» ӘКК ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асқар Жаров қатысты.

Бүгінде азықтүлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Нақтырақ айтсақ, қоймаларда 560 тоннаға жуық түрлі ауыл шаруашылығы өнімдері сақтаулы. Фермерлермен 2025 жылғы егін есебінен форвардтық келісімшарттар жасалды, олар бойынша ауыл шаруашылығы өнімдері ең төменгі үстеме бағамен сатылатын болады. «Сарыарқа» ӘКК-нің мәліметіне сүйенсек, Қарағанды облысында қолда бар қорлар жылдың соңына дейін жеткілікті. Тауар интервенциясын бағаның күрт өсуіне және тұрақтануына жол бермеу үшін маусымаралық кезеңде жасау жоспарланып отыр. Әлеуметтік павильондарда әлеуметтік маңызы бар азықтүліктің 19 түрі сатылады. Жергілікті өндірушілерге тауарларды белгіленген бағамен босату міндеттемесінің орнына жеңілдетілген несиені алу мүмкіндігі берілді. Әлеуметтік павильондардағы, мысалы, картоптың сату бағасының нарықтық бағадан төмен екенін атап өткен жөн. Тұрақтандыру қорының ресурстарын ұтымды пайдалану және азықтүлік бағасының күрт өсуіне жол бермеу мәселелері облыстық мәслихаттың бейіндік комиссиясының алдағы отыры-

сында қаралады, – деп атап өтті Нұркен Сайфиддинұлы.

Қазыбек би ауданы мен Әлихан Бөкейхан ауданында орналасқан әлеуметтік павильондарға арнайы ат басын тіреген депутаттар мұндағы бағалардың тұрақты екендігіне көз жеткізді.

Әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарлары бағасын тұрақтандыру, ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру, жергілікті кәсіпкерлікті қаржыландыру сынды бастамалар – облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайына оң әсерін тигізуде.

Депутаттық корпус тарапынан бұл бастамаларға жан-жақты қолдау көрсетіліп, тиісті бақылау жүргізілетінін атап айту керек.

Мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен жұмыс топтары осы бағыттағы әрбір жобаның орындалуын, қаржының тиімді әрі максатты жұмсалып назарда ұстап отыр. Сонымен қатар, ауылдық округтерден келіп түсетін ұсыныстар мен өтініштер негізінде бағдарлама құралдарының өңірлік ерекшеліктерге бейімделуіне де ықпал етуде.

Тұрғындардың өмір сапасын жақсарту бағытында «Сарыарқа» ӘКК-нің жұмысы – сенімді серіктестік пен нақты нәтижелердің көрінісі.

Екі негізгі тетік не?

Әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарлары бағасын ұстап тұру – корпорацияның басым бағыттарының бірі. Бұл бағытта екі негізгі тетік іске асырылады. Ол – тұрақтандыру қоры арқылы өнім сатып алу және интервенция жасау, айналым жүйесі бойынша кәсіпкерлерге қарыз беру.

Осы механизмдерді іске асыру үшін жалпы сомасы 2,674 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде, 740 млн теңге тұрақтандыру қорын қалыптастыруға, 1,934 млрд теңге – кәсіпкерлерге жеңілдетілген несиені беруге бағытталған.

Корпорация директорының орынбасары Еркінбек Абдыханов қоймадағы азықтүлік қоры мен павильондардағы бағаның жай-күйі туралы кеңінен айтып берді.

Бүгінде тұрақтандыру қорының қоймасында 310 тонна қант, 68 тонна күріш, 50 мың литр күнбағыс майы, 80 тоннадан астам картоп, 54 тонна қарақұмық жармасы және 20 тоннаға жуық орамжапырақ сақтаулы. Бұл өнімдер белгіленген кесте бойынша облыс тұрғындарына төмендетілген бағамен жеткізіледі. Картоптың бағасы базарда 220-280 теңге аралығында. Біз бұған дейін келісімшарт негізінде «Шахтерское» ЖШС-нен 100 теңгеден 1000 тонна сатып алдық. Қазір қорда 800 тоннадай

бар. Қазір баға көтерілгенде 110 теңгеден қаладағы 22 павильонға таратамыз. Олар 126 теңгеден сатады. Бұл – тұрақты баға. Біз осылай бағаны тұрақтандырып, бір қалыпта ұстап отырмыз, – деп атап өтті корпорация директорының орынбасары Еркінбек Аманбекұлы.

Кәсіпкер мен тұтынушы арасындағы көпір

Айналым жүйесі – бұл кәсіпкерге жеңілдікпен берілген қаражат есебінен нарыққа арзан бағамен өнім жеткізуді міндет-



тейтін жүйе. Осы тетік арқылы 10 кәсіпкерлік субъектісі қаржыландырылған. Мысалы, «Қарағанды-Нан» ЖШС 5 475 тонна нан және 274 тонна макарон өнімін арзан бағамен сату міндетін алды. «Қарағанды мелькомбинаты» ЖШС – 1 200 тонна ұнды нарыққа шығарды. Бұдан бөлек, көптеген фермерлік шаруашылықтар мен жеке кәсіпкерлер жұмыртқа, көкөніс өнімдері мен май өнімдерін қолжетімді бағамен жеткізуде.

Тұрақты азықпен қамтамасыз ету мақсатында «Сарыарқа» ӘКК отандық өндірушілермен форвардтық шарттар жасасып келеді. 2025 жылға арналған өнім көлемі бойынша жасалған келісімдер 3 000 тоннадан астам көкөністі жеткізуді көздейді. Атап айтқанда, «Азамат» агрофирмасы, «Астра-Агро LTD» және «Дарас LTD» кәсіпорын-



істейтін корпорация өтінімдерді өзектендіріп, жергілікті ерекшеліктерге қарай жобаларды іріктейді.

Мысалы, мал шаруашылығы бойынша 352 жоба, өсімдік шаруашылығы бойынша 37 жоба, ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпкерлік бойынша 315 жоба ұсынылып отыр. Сонымен қатар, шамамен 60 ауыл шаруашылығы кооперативін қолдау жоспарланған.

«Ауыл аманаты» бағдарламасымен қатар, агроөнеркәсіптік кешендегі ірі жобаларды бюджеттік несие беру арқылы қолдау жалғасуда. 2024 жылы осы мақсатқа 8,8 млрд теңге бөлініп, 10 жоба 7,4 млрд теңгеге қаржыландырылған. Олардың қатарында суармалы жерлерді игеру, сүт-тауар фермасын салу, көкөніс сақтау қоймаларын тұрғызу, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бар.

Әлеуметтік павильондар – қолжетімді бағаның кепілі

Облыс аумағында ұйымдастырылған әлеуметтік павильондарда төмендетілген бағамен сатылатын 19 атаулы азықтүлік бар. Бұл тізім Сауда және интеграция министрлігі бекіткен әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарлары реестріне сәйкес қалыптастырылған.

Олар – қант, бірінші сұрыпты бидай ұны, қарақұмық жармасы, ұнтақталған күріш, картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат, күнбағыс майы, бірінші санаттағы тауық жұмыртқасы және ас тұзы сынды өнімдер.

Бұл санаттағы өнімдерді тұрғындар күнделікті тұтына-тындықтан олардың бағасын ұстап тұру мемлекет тарапынан ерекше бақылауда тұр.

Қарағанды қаласы аумағында 22 әлеуметтік павильон бар. Бұл павильондар әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің нақты үлгісіне айналып отыр.

Айына 150-200 тоннадай картоп жеткіземіз павильондарға. Қаладағы түгел дүкеннің бағасына жауап бере алмасақ та, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға арналған павильондардағы бағаны қадағалап отырмыз.

Апта сайын рейд жүргіземіз. Қазан мен сәуірге дейін «Азамат» ЖШС келісім бойынша 19 тауар түрінің ішіндегі – картоп, пияз, сәбіз, орамжапырақпен қамтамасыз етіп, бағаны бір қалыпта ұстайды. Қазір картоптың бағасы тұрақты. Статистикаға сүйенсек, елімізде ең қолжетімді баға Қарағандыда. Жаңа картоп шыққанша қорымыз жеткілікті. Пияздан мәселе туындаған жоқ. Павильондар арнайы бекітілген тәртіп бойынша жалға беріледі. Жалға берудің шарты бойынша павильонда бекітілген 19 тауардың бәрі реттелген бағада тұруы керек. Егер баға көтеріліп жатса, бізге тұрғындар хабарласады. Мониторинг жүргізіліп, баға қайта тұрақталады, – Еркінбек Аманбекұлы.

Мен үнемі осы павильоннан азықтүлік сатып аламын. Бағалары базар мен кәдімгі дүкендегіден әжептәуір арзан. Қалтаңа салмақ салмайды. Тауарлары сапалы, мерзімі сақталған. Сатушылар да өте сыпайы. Қарапайым халыққа осындай жағдай жасаған Үкіметке алғысымыз шексіз. Оның үстіне, мұндағы бағаны депутаттар үнемі қадағалап отырады екен. Бұл жұртшылық үшін жасалған нағыз жанашырлық. Бүгін де азықтүлік алуға келдім, – деп ризашылық білдірді қала тұрғыны Қанат.

Ал, павильонды жалға алып, өз ісінді дөңгелету үшін gosreest.kz сайтына қойылған жарнама негізінде баға ұсынсаңыз. Ең жоғары баға берген үміткер жеңіп алады. Жалға алу бағасы қолжетімді. Және оның бағасы да бекітілген нормадан аспауы шарт. Одан бөлек, қалаған тауарды әкеліп сатуға рұқсат етілген. Негізі азықтүлік түрлерінен басқа тауарлар тексеруге жатпайды.

Күнделікті қажетті азықтүлік бағасының өспеуінен бастап, ауылдағы жұмыс орнына дейінгі аралықта «Сарыарқа» ӘКК-нің үлесі бар екенін осы баспасөз туры аясында көз жеткіздік. Әлеуметтік маңызы зор міндеттерді абыроймен атқарып келе жатқан құрылымның жұмысы тұрақты бақылауда.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



• МӘСЕЛЕ

Ұлы тұлға, ұсқынсыз көше

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовтың туғанына 130 жыл толып отыр. Қазақ елінің саяси тарихында өзіндік орны бар тұлғаның атын құрметтеу – тек тарихи әділеттілік емес, ұрпақ алдындағы парыз. Алайда, бұл парыздың толық орындалып жатқанына күмән бар.



Нығмет Нұрмақов көшесінің картасы

Қарағанды қаласындағы Н.Нұрмақов көшесінің қазіргі жағдайы – осыған дәлел. Қаланың дәл ортасында орналасқан көше жаяу жүргіншіге де, көлік жүргізушісіне де қолайсыз кепте. Жолдың ой-шұқыры, жарықтың жетіспеуі, тазалықтың жоктығы – бәрі бірге көшенің сиқын қашырған. Бұл көше – жай ғана көше емес. Көріксіз көше – ел мүддесі жолында қызмет еткен қайраткердің есімін иеленген орын. Нығмет Нұрмақов – Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған, алғашқы қазақ заңгерлерінің бірі ретінде ел дамуына зор үлес қосқан бірегей тұлға. Осындай тарихи адамның есімімен аталатын көшенің қазіргі көрінісі – құрметсіздік қана емес, ұят.

Сөзімізді нақтылай түсейік. Нұрмақов көшесі болашақсыз бағыт іспетті. Бір қарағанда, көше – Қарағандыдағы жеке сектордың қатардағы бір бөлігі ғана. Алайда, мүкият қарасаңыз, бұл көше қаланың дамуының шетінде қалып қойғандай әсер қалдырады. Мұнда қала өмірінің ырғағы да, жүйесі де, заманауи руһы да жоқ. Нұрмақов көшесі әдейі көлік жүйесінен тыс қалғандай. Яғни, қаланың маңызды нүктелерін байланыстырмайды, транзиттік жол бола алмайды және қозғалысты жеңілдетпейді. Қазіргі күйінде – ешқайда апармайтын, шеткері, бөлшектелген бір жолақ па дерсіз. Бұл көріксіз көше ескі сызбаның үстінде сызғышпен сызылып, кейін назардан тыс қалғандай әсер береді. Нұрмақов көшесінің аңғарынан көркем өмірге жан бітіретін дәмхана, дүкен немесе шағын сабақты кездестіру қиын. Көше бірсарынды, аласа ғимараттарға тұншығып қалған. Әлеуметтік инфрақұрылымның жалғыз нысаны – оңалту орталығы – бұл маңайда көзге түсетін нүкте де, тартылыс орталығы да бола алмауда. Мұнда қозғалыс жоқ. Тіпті, картаға

қарасақ, көше шамдары да жоқ сияқты.

Көшенің солтүстігі мен шығысында – шиномонтаж, қоймалар мен шағын автосервистер орналасқан. Мұндай өндірістік нысандардың тұрғын үйлерге жақын орналасуы жергілікті халықтың қуанышын тудыра қоймасы анық. Жасыл желек пен тыныштықтың орнына – үнемі шу мен май иісі. Қалалық абаттандыру бұл аумақты айналып өткен сияқты. Сонда «Бұл кімге арналған көше?» деген заңды сауал туындайды. Мұнда аялдама да, тротуар да, велосипед жолы да жоқ. Жаяу жүргіншілерге бұл жерде орын жоқ сияқты. Балалар мектепке техникалық орталықтардың жаны арқылы, жолдың шетімен жүріп жетеді. Қарттар үшін бұл көше – қолжетімді қалалық ортадан ажыраған кеңістік. Бұл – көше емес, көлікке ғана лайықталған тұйық жүйе. Алда не күтіп тұр? Қала инфрақұрылымын жаңғырту туралы жарияланған бағдарламалар фонында Нұрмақов көшесі Қарағанды картасындағы «соқыр нүкте» болып қала беруде. Егер қала билігі осындай аймақтарға назар аудармаса, олар мүлдем қалалық өмірдің шеңберінен тыс қалып қоюы мүмкін.

Әзірге Нұрмақов көшесі – болашағы жоқ көше. Ал, шын мәнінде, ол жайлы, қауіпсіз тротуарлары бар, жол жиегінде ағаштары жайқалған, қалалық камқорлықтың ең қарапайым белгілері көрінетін тұрғын аймаққа айнала алар еді.

Бірақ, ол үшін ең маңыздысы керек – саяси жігер мен кәдімгі адами сауатты көзқарас. Қоғам белсенділері мен қала тұрғындары бұл мәселені бірнеше мәрте көтеріп келеді. Енді бұл үн Қарағанды қаласы әкімдігі мен тиісті органдардың құлағына жетсе дейміз. Ел ардақтысына көрсетілер құрмет ең алдымен көшесінің жағдайынан көрінгені дұрыс. Нығмет Нұрмақовтың 130 жыл-

дығы – еске алып қана қою емес, оның есімін лайықты дәрежеде ұлықтайтын мүмкіндік. Ал, бұл үшін ең қарапайым қадам – сол аты берілген көшені ретке келтіру.

Тарихты тұлғалар жасайды. Олардың есіміне деген құрмет – ұлттың өзіне деген құрметі. Нығмет Нұрмақов – елі үшін жанын шүберекке түйіп қызмет еткен, ерте жастан ел басқарған қайраткер. Ондай азаматтың есімімен аталатын көше қазіргідей мүшкіл күйде болуға тиіс емес. Бұл – бір ғана көшенің емес, тұтас қоғамдық сананың көрінісі. Ұрпақ үшін өнеге қалдыру – биік ескерткішпен өлшенбейді. Ол қарапайым істен, кісілік құрметтен, көше тазалығынан басталады. Әкімдік үнсіз қалса, бұл тек Нұрмақовқа емес, өз болашағымызға деген селкостық.

Осы орайда «Рас, кезінде Қарағанды билігі Нығмет Нұрмақовқа Михаиллов бөлігіндегі елеусіз ұзындығы 700 метрдей бір көшеге атын берген екен. Расында, солай шешілетін болса, біздің қазіргі өскелең ұрпақтарымыздың зерделеріне ұялап, аттары естерінде мәңгі мақтанышпен айтарлықтай аталып жүрер еді ғой. Алайда, біздің билікте отырғандар үнсіз, тым-тырыс...» деген облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі, еңбек ардагері Төлеу Жаңғаловтың сөзі көп жайды аңғартқандай.

Ұлы есімге лайықты орынды қалыпқа келтіру – ұлттың өзіне, өз өткені мен келешегіне деген шынайы құрметтің бір көрінісі болар еді. Енді шешім – құзырлы органдар мен ел тізгінін ұстаған азаматтардың қолында. Тарих үндемейді, бірақ, ұмытпайды.

Мұқан НҰРМАҚОВ,
Н.Нұрмақовтың інісі

Ұлтын сүйер ұл қайда?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда еліміздегі идеология мәселесін көтеріп, соның аясында жастарға қатысты өзекті мәселелерге тоқталды.



Президент жаһандану кезеңінде жастардың санасын дұрыс қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. Қазіргі заман жастарының түрлі ақпараттың ықпалында жүргенін, сондықтан, оларға ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру қажет екенін айтты. Сонымен қатар, жас буынды білімге, еңбекке, отансүйгіштікке баулу идеологияның басты міндеті болуы тиіс деді.

Жастар – ұлттың болашағы. Егер біз ұлттық бірегейлікті сақтағымыз келсе, алдымен жастардың дүниетанымын дұрыс бағытта қалыптастыруымыз керек. Қазір интернет пен әлеуметтік желілер арқылы түрлі шетелдік көзқарастар мен құндылықтар жастар санасына тез сіңіруде. Осы тұрғыдан алғанда, Президенттің идеология мен ұлттық тәрбиені бірінші орынға қоюы – маңызды және дер кезінде көтерілген мәселе.

Идеология құр ұранмен емес, іс жүзінде көрінетін мазмұнмен жүргізілуі керек. Мысалы, қазақ тілін, тарихын, мәдениетін терең үйрету жолға қойылғаны дұрыс. Оған қоса, жастарға арналған патриоттық жобалар мен бағдарламаларды көбейту де маңызды. Осы орайда ауыл және қала жастары арасындағы теңсіздікті жою мәселесі де айтылды. Құрылтайда айтылған шынайы табысқа жеткен, елге үлгі болатын тұлғаларды насихаттауда күн тәртібіндегі мәселелердің бірі.

Бүгінгі таңда белсенді жас ретінде осы бағыттар бойыншы іс-шараларды жүзеге асырудамыз. Оның ішінде тарихи-мәдени мұраны сақтау бағытында «Өз елімізде із қалдырмай саяхаттаймыз» жобасы тау-тастағы ван-

далдардың жазып кеткен жазуларын өшіруге мүмкіндік береді. Адамдық тұрғыдан да, құқықтық тұрғыдан да вандализм құптарлық іс емес. Біз осы жөнінде қоғамда замандастарымызға жиі айтамыз. Әр адам өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауы керек.

Вандализм, яғни, тарихи-мәдени мұра объектілерін, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекет қорғайтын табиғи объектілерді, жазулармен немесе суреттермен, қоғамдық құндылықтарға нұқсан келтіретін өзге де әрекеттермен қорланғандар жазаға тартылады. Нақтырақ айтсек, Қазір интернет пен әлеуметтік желілер арқылы түрлі шетелдік көзқарастар мен құндылықтар жастар санасына тез сіңіруде. Осы тұрғыдан алғанда, Президенттің идеология мен ұлттық тәрбиені бірінші орынға қоюы – маңызды және дер кезінде көтерілген мәселе.

Идеология құр ұранмен емес, іс жүзінде көрінетін мазмұнмен жүргізілуі керек. Мысалы, қазақ тілін, тарихын, мәдениетін терең үйрету жолға қойылғаны дұрыс. Оған қоса, жастарға арналған патриоттық жобалар мен бағдарламаларды көбейту де маңызды. Осы орайда ауыл және қала жастары арасындағы теңсіздікті жою мәселесі де айтылды. Құрылтайда айтылған шынайы табысқа жеткен, елге үлгі болатын тұлғаларды насихаттауда күн тәртібіндегі мәселелердің бірі.

Бүгінгі таңда белсенді жас ретінде осы бағыттар бойыншы іс-шараларды жүзеге асырудамыз. Оның ішінде тарихи-мәдени мұраны сақтау бағытында «Өз елімізде із қалдырмай саяхаттаймыз» жобасы тау-тастағы ван-

Жанарай САНАҚБАЙ,
Ұлттық волонтерлік
желінің Қарағанды облысы
бойынша елшісі,
«Ауыл» партиясы жастар
қанатының төрағасы

Жол апаты: статистика емес, адам тағдыры

Қоғамдағы өзекті мәселенің бірі – жол-көлік оқиғалары. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігінің алқа мәжілісінде сөйлеген сөзінде: «Құқық қорғау органдары әрқашан басты назарда ұстауға тиіс тағы бір маңызды мәселе – жол қауіпсіздігі деңгейін арттыру. Біз адамдардың өмірі мен денсаулығы ең басты құндылық екенін үнемі айтамыз. Ең алдымен, барлық азаматтың назарын жол жүру ережелерін мүлтіксіз сақтауға аудару керек», – деген еді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір күн санап көліктің саны өсіп келеді. Көлік көбейген сайын жол-көлік оқиғасы жиілеп кетті. Дерекке сүйенсек, биылғы 3 айдың қорытындысы бойынша облыс бойынша 95 жол-көлік оқиғасы орын алып, онда 15 адам қаза тауып, 127 адам зардап шеккен.

Айта кететін жайт, қала сыртындағы автожолдарда мұндай оқиғалар жылдамдық режимін шектен тыс асырудың себебінен орын алады. Нақтырақ айтсақ, 42 факт, немесе жол-көлік оқиғасының жалпы санының – 44,6%-ы. Бұл апаттарда 9 адам қаза тауып, 75 адам жарақат алған.

Елдімекендердегі 37 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Оның 39,3%-ы реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелдерінде жол жүру ережесінің бұзылу салдарынан орын алып, онда 4 адам қаза тауып, 34 адам жарақат алған. Бұл – былтырғымен салыстырғанда көп.

Жол-көлік оқиғаларының не-

гізгі түріне – соқтығысу, жаяу жүргіншілерді соғу және аударылу жатады. Мәселен, 43 соқтығысу жағдайы орын алып, салдарынан 3 адам қаза тапты, 76 адам жарааланған.

Осы орайда облыстық полиция департаменті орын алып жатқан апатты барынша азайту үшін тәулігіне 700-ге жуық патрульдік полиция қызметкері кезекшілікке шығады.

Бүгінде елдімекендер мен қала сыртындағы автожолдарда кезекшілік тығыздығы ұлғайтылған. Осылайша, республикалық маңызы бар автожолдарда бір патрульдеу маршрутының ұзақтығы 50 шақырымнан 20 шақырымға дейін қысқарып отыр.

Қазіргі таңда облыстың автожолдарында 11 «Екин-Патроль» кешені және 2 «Оракул» «жасырын патрульдеу» кешені жұмыс істейді және олар 16 мыңнан астам бұзушылықты анықтап үлгерген. Қабылданған шаралар апат деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Мәселен, Қарағанды қаласында жол-көлік оқиғаларының



Қолжазба жасапты Айбек Рахымжан

саны 14,3% (42-ден 36-ға дейін), қаза тапқандар 20% (5-тен 4-ке дейін), жарақат алғандар 19,2% (52-ден 42-ге дейін) қысқарған. Сонымен қатар, «Астана-Қарағанды (айналма жолмен)-Алматы» республикалық маңызы бар автожолындағы жол-көлік оқиғаларының саны 9% (22-ден 20-ға дейін), қаза тапқандар 50% (16-дан 8-ге дейін) және жарақат алғандар саны 28,9% (45-тен 32-ге дейін) төмен-

деді. Жол қозғалысы қауіпсіздігін күшейту және жол-көлік оқиғаларының алдын алу және олардың зардаптарының ауырлығын төмендету мақсатында 19 сәуір – 19 мамыр аралығында «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде, – деп атап өтті Жасқайрат Иманбекұлы.

Жедел-профилактикалық шара басталғалы бірнеше күнінде полиция қызметкерлері жол жүру

қағидаларын бұзған 900-ден астам адамды тоқтатып, апаттың жолын кескен.

Атап айтсақ, 14 жүргізуші мас күйінде көлік құралын басқарғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды, қарсы қозғалыс жолағына шығудың 9 фактісі, жаяу жүргіншілерге артықшылық бермеудің 58 фактісі, жаяу жүргіншілердің жол қозғалысы ережесін бұзуының 276 фактісі, жүргізуші



қуәлігі жоқ 29 адам жауапкершілікке тартылды.

Бүгінде ата-аналардың көлік құралын басқаруды кәметке толмаған балаларға беру фактілері де орын алуда. Осылайша, жыл басынан осындай 5 факті анықталды. Олар бойынша ата-аналар ҚР ӘҚБтК-нің 612-бабы 5-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Одан бөлек, күннің жылынуына байланысты азаматтар мотоциклдерді (мотоцикл, мопед, скутер, электр самокаты) белсенді қолдана бастады.

Бүгінгі таңда мотокөліктің қатысуымен 2 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, онда 1 адам қаза тауып, 2 адам жарақат алған.

2025 жылдың 5 сәуірінде мопедтерді механикалық көліктерге теңестіретін заңнамалық түзетулер күшіне енгенін де атап өткен жөн. Қазірдің өзінде 1 500-ден астам мопед есепке алынды.

Көрсетілген күннен бастап, мопедтерді пайдалануға олар тіркелгеннен кейін, А1, А және В санатындағы жүргізуші куәлігі болған кезде, техникалық байқаудан және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудан өткеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

Табиғатқа тыныс сыйлады

Қарағандыға көктем келді. Жер аяғы кеңіп, қоршаған орта жасыл желекке оранды. Жер – жылылықты, ал, қала – тазалықты аңсады. Осы мезетте қарағандылықтар «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына үн қосып, қоршаған ортаға жасыл тыныс сыйлады. Сарыарқа көшесінің бойындағы «Алаш» скверіне еріктілер 100 түп қайың мен 100 қарақат көшетін отырғызды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл күні аталған акция қаланың барлық бөлігінде өтті. Игі акцияға еріктілер, жас белсенділер мен қалалық мәслихат депутаттары, бизнес-қоғамдастық өкілдері қатысып, қала тазалығына үлес қосты. Сонымен қатар, қоғам қайраткерлері мен коммуналдық қызмет қызметкерлері де атсалысып, белсенділік танытты.

– Тазалық айналамыздан басталады. Ал, ол үшін біз сана-сезімімізді өзгертуіміз қажет. Осындай іс-шараларға тек қатысып қана қоймай, маңыздылығын жете түсінуіміз керек. «Айналамызды таза ұстасак» деген де болмайды. Осының бәрі ішкі жан-дүниенің тазалығынан басталады. Сонымен қатар, тек «Жастарды жұмылдыру» қажет деп отыра берген дұрыс емес. Қоршаған ортаның тазалығы үшін бәріміз жұмылуымыз қажет. Акцияның мәнін терең түсінбесеніз, екі сағат күрек ұстап,




қокыс жинағанның ешқандай пайдасы жоқ. Балалық шағымызда «Сенбілік өтеді» дегенді естісек,

бәріміз үйде отырмайтынбыз. Үлкені-кішісі бар сенбілікте жүруші еді. Біз соны көріп өстік, – деді

Тазалық әр үйден басталады

Қарағанды облысында басталған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бастамаға Бұқар жырау ауданының белсенді тұрғындары зор қолдау көрсетті. Ауданның бірнеше елдімекенінен жиналған 200-ден астам адам Нұра өзені мен Чкалов су қоймасының жағалауын тазартуға жұмылды. Бұл шара туған өлкенің табиғи байлығын сақтау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жергілікті жердің тазалығын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылды.



Сурет облыс әкімінің сайымын

Бастамаға Ботақара, Ғабиден Мұстафин, Шешенқара, Петровка, Ақтөбе және Новоузенка

ауылдарының тұрғындары белсене атсалысты. Сонымен қатар акцияға аудандық мемлекеттік

органдар, білім беру мекемелері, еріктілер қозғалыстары мен жастар ұйымдарының өкілдері де қатысты.

Жиналғандар өзен-көл жағалауларын тұрмыстық қалдықтардан, шыны сынықтары мен пластиктерден тазартты. Қураған бұта мен ағаш қалдықтары жиналып, арнайы орындарға шығарылды. Тұрғындар табиғат аясын қорықтан тазартып қана қоймай, экологиялық жауапкершіліктің үлгісін көрсетті.

– Таза қоршаған орта – біздің ортақ жауапкершілігіміз. Осындай акциялар арқылы жастарға табиғатты аялау мәдениетін сіңіреміз. Бұл – тәрбие, бұл – сана, – деді Ботақара кентінің белсенді волонтері Төкен Жантөре.

Жазғы демалыс маусымы жақындап келе жатқан шақта жағажай аумақтарын қауіпсіз әрі ұйғайлы етуге ерекше мән берілді. Су маңы аймақтары тазаланып қана қоймай, болашақта демалысқа келетін тұрғындар мен қонақтарға жайлы орта қалыптастыруға негіз қаланды.

Ұйымдастырушылар атап өткендей, бұл акция – өңірдегі кешенді экологиялық жұмыстың бір бөлігі ғана. Аудан әкімдігі келесі кезеңде өзге де ауылдық округтерде осындай экологиялық бастамалар ұйымдастыру



Қарағанды қаласы кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы Серік Санаубаев.

Биыл көктем айында Қазыбек би ауданына 3000-ға жуық көшет отырғызу жоспарланған. Бүгінде оның 200-і «Алаш» саябағына отырғызылды. Алдағы уақытта жеке кәсіпкерлер мен демеушілер осы акцияға өз үлесін қосады. Одан бөлек, «Бір тал кессен, он тал ек» деген ұстанымды мақсат еткен біршама компания тарапынан да өтінімдер түсіп тұр. Яғни, кезінде құрылыс жұмыстары мен басқа да себептерге байланысты кесіп тастаған талдың орнына жаңадан көшет отырғызбақ.

– Осындай акцияларға жастар жиі қатысса екен. Қоршаған ортаның тазалығы өзіміздің қолымызда. Қоршаған ортамызды таза ұстайық. Таза орта – экологиялық мәдениеттің белгісі. Патриоттықтың үлгісі. Сондықтан, біз өз тарапымыздан осындай іс-шараларға үнемі жастарды тартамыз. Жазда «Жасыл ел» жобасы басталады. 14-35 жас аралығындағы балаларды жұмысқа тартып, көгалдандыру жұмыстарын бастаймыз, – деді Қарағанды қаласының жастар ресурстық орталығының басшысы Якуб Джамалов.

Қарағанды технологиялық колледжінің студенті Сырым Шынжырбай осындай акцияларға үнемі қатысатынын айтады.

– Өз басым ешқандай ұйымдарда жоқпын. Бірақ, түрлі акциялар өтеді дегенді естісем, қалыс қалмауға тырысамын. Ерікті ретінде барып, қолымнан келгенін жасаймын. Бүгін группаластарыммен бірге 20 түп тал отырғыздық. Тал отырғызу барысында арнайы мамандар көмектесті. Алда тағы осындай іс-шаралар болса, міндетті түрде қатысамын, – деді Сырым Шынжырбай.

Қала тынысы тазара түсті. Ал, бұл жас ұрпақтың есінде бір күндік акция емес, тәлім-тағылымы мол тәжірибе болып қалары сөзсіз.

Суреттерді түсірген автор



латынын хабарлады.

– Экология – тек тазалық емес, ол – ұрпақ алдындағы жауапкершілік.

Табиғатқа немқұрайлы қарамау – қоғамның сана деңгейінің көрсеткіші. «Таза Қазақстан» – жай ғана акция емес, ол елдік мәдениетке ұласатын бастама. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» жобасын бастама етіп көтергенде, бұл тек сенбілікпен шектелетін науқан емес, тұтас экологиялық қозғалыс екенін айтқан болатын, – дейді ұйымдастырушылар.

«Ары таза адам ешқашан елін сатпайды. Тазалық әр үйден басталады. Сонда ғана «Таза Қазақстан» боламыз», – деген болатын Президент.

Бұқаржыраулықтардың бұл әрекеті – сол үндеуге жауап, ел мен жерге деген жанашырлықтың айқын көрінісі.

Ерасыл БЕЙТРАҚҰЛОВ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университеті
журналистика бөлімінің
IV курс студенті



Еске алу

Қарқаралы ауданы Сарыобалы ауылының тумасы, ұлағатты ұстаз, күміс көмей әнші, асыл әке, аяулы жар, қимас туысымыз **Жаныбек Жарұлы ЖАМАНҚҰЛОВТЫ** сағына еске аламыз.



Ол бар саналы ғұмырын халқына адал қызмет етуге арнады. Шымкент пединститутын бітіріп келгеннен кейін туған елінде физика, математика пәндерінің мұғалімі, комсомол, партия қызметінде болып, аудандық мәдениет бөлімін басқарды. Содан 18 жыл үзбей ауданның №10 Нұркен атындағы мектебінің директоры және физика мұғалімі болды. Осы мектепті басқарған жылдары Жаныбек өзінің ұйымдастырушылық талантын бар қырынан таныта білді. Білім ошағы ауылдық тірек мектептерінің біріне айналып, республикалық байқаудың жеңімпазы атанды. 12 жылдық білім беруді жүзеге асыруға байланысты республика бойынша тәжірибелік алаңға айналды. Директордың тікелей басшылығымен ел мен жер, осы өңірден шыққан тарихи тұлғалар өміріне арналған мектеп музейі қайра түледі.

Еңбегі еленіп, билік тарапынан халыққа білім беру ісінің озық қызметкері төсбелгісімен, медальдармен, көптеген мақтау қағаздарымен марапатталды. Бәрінен де туған халқынан алған алғысы өз алдына бір төбе. Ауылдық, аудандық кеңес, мәслихаттардың депутаты болып, қалтқысыз қызмет етті. Құйқылжыта ән салып, облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы, 1976 жылы Францияда өткен халықаралық фольклорлық фестивальдің лауреаты атануын мақтан етуші еді.

Жаныбек аяулы жары Рая екеуі бір ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Олар жоғары білім алып, өмірден өз орындарын тапты, жауапты қызметтер атқарып, ата-анасының үмітін ақтауда.

Бүгінде қайтыс болғанына жыл толып отырған қимасымызды еске алып, жаның жәннатта, тәнің рахатта болсын дейміз.

Сағына еске алушылар: апасы **Рабиға**, қарындасы **Хабиба**, күйеу баласы **Серікбай**, жиендері.

№199

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Ойды оятқан кездесу

«Ұлттық кітап күнінде» Құрма ауылындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы тірек мектебінде Қазақстанның танымал айтыс ақыны, Мәжіліс депутаты Ринат Зайытовпен кездесу өтті. Шара рухани мазмұнмен, тәрбиелік мәнімен ерекшеленді.



Сурет ашмак.перекмолдн

Кездесу барысында оқушылар Абай Құнанбайұлы, Қадыр Мырза Әлі, Лияс Жансүгіров және Ринат Зайытовтың шығармаларынан үзінділерді жатқа оқып, көркем сөз оқудағы шеберліктерін көрсетті. Бұл – жастардың поэзияға, әдебиетке деген сүйіспеншілігінің бір айғағы іспеттес.

Инклюзивті білім беру аясында оқушылардың зейінін, зердесін, қол моторикасын және ойлау қабілетін дамытуға бағытталған көрнекіліктермен жұмыс жүргізілді. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушылары «Мен оқыған кітаптың бірі...» тақырыбында иллюстрациялық суреттер көрмесін ұйымдастырып, өз қиялдарын бейнелеу арқылы оқыған шығармаларынан алған әсерлерімен бөлісті. Ақын Оралхан Бөкейдің «Атаукере» шығармасын оқушылармен бірге талқылап, оның мәні мен мазмұнын өмірмен бай-

ланыстыра отырып, жалпыұлттық әрі адамзаттық құндылықтар тұрғысынан пайымдады. Кездесу жастарға терең ой салып, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырды.


Оқушылар Ринат Зайытовты жылы жүзбен қарсы алып, естелік суретке түсіп, қолтаңба алды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қ. Бөкен арнау өлеңін оқыды.

Ақын оқушылармен еркін әңгімелесіп, өзінің шығармашылық жолынан сыр шертіп, әдебиет пен айтыс өнеріндегі тәжірибесімен бөлісті. Сондай-ақ, білім алушыларды кітап оқуға, ұлт болашағы үшін жан-жақты дамуға үндеді.

Әсем ЖАҚЫШЕКОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
тірек мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекен-жайы fink.kar@minfin.gov.kz

д



Электрондық
пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru



Қарағанды
Шинсервис

SHINMAX
CENTARA
NORTEG

ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІКТЕРҮШІН •
ЖЕҢІЛ ЖҰК КӨЛІКТЕРІҮШІН •
ТРАКТОРЛАР ЖӘНЕ •
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ
ТЕХНИКАЛАРЫҮШІН
АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАРҮШІН •

XBRI IUNK

Қарағанды қ.қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
8 707 80 35 800
shynservice

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

